

ӘОЖ 82

ҒТАХР 17.07.41

<https://doi.org/10.48371/PHILS.2026.2.81.043>

## КӨРКЕМ МӘТІНДЕГІ АВТОР ДАУЫСЫ МЕН НАРРАТОР БЕЙНЕСІ: ЖАҢА ӘДІСНАМАЛЫҚ ҚАДАМДАР

\* Жорашова А.М.<sup>1</sup>, Баймыш Л.Қ.<sup>2</sup>

\*<sup>1</sup> Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті  
Астана, Қазақстан

<sup>2</sup> Central Asian Innovative University, Шымкент, Қазақстан

**Аңдатпа.** Қазіргі әдебиеттану ғылымында көркем мәтіндегі автор дауысы мен нарратор бейнесін ажырату мәселесі маңызды теориялық және әдіснамалық бағыттардың біріне айналып отыр. Қазақ әдебиетінде, әсіресе прозалық шығармаларда, баяндау жүйесінің күрделенуі, авторлық ұстанымның тікелей емес, жанама әрі көпқабатты түрде берілуі бұл мәселені жаңа қырынан қарастыруды қажет етеді. Осы зерттеудің мақсаты – көркем мәтіндегі автор бейнесі мен нарратор тұлғасының арақатынасын анықтау, олардың көркемдік-функционалдық қызметін нақтылау және заманауи әдеби-теориялық әдіснамалар негізінде талдау жасау. Зерттеудің негізгі идеясы авторды тек биографиялық тұлға ретінде шектеуге болмайтынын, оның мәтінде имплицитті түрде, нарратор арқылы көрінетін күрделі категория екенін дәлелдеу болып табылады. Зерттеу барысында постструктуралистік бағыттағы теориялық тұжырымдар, соның ішінде деконструкция әдісі, когнитивтік нарратология және дискурсивтік талдау тәсілдері қолданылды. Бұл әдістер көркем мәтіндегі баяндау дауыстарының құрылымын, көзқарастар жүйесін және авторлық ұстанымның жасырын формаларын айқындауға мүмкіндік берді. Зерттеу нәтижесінде автор мен нарратор бейнесінің ара жігі нақтыланып, нарратордың автор идеяларын тікелей емес, жанама түрде жеткізетін дербес әрі күрделі көркем тұлға екені анықталды. Автор бейнесі бір ғана баяндау дауысына телінбейді, ол мәтін құрылымы арқылы көпқырлы сипатта көрініс табады деген қорытынды жасалды. Зерттеу қазақ әдебиеттануындағы нарратологиялық талдауларды жүйелеуге, ұғымдық-терминологиялық аппаратты нақтылауға және ұлттық прозаның стильдік, идеялық ерекшеліктерін тереңірек түсінуге үлес қосады. Зерттеу нәтижелерін жоғары оқу орындарында әдебиет теориясын оқытуда, қазақ прозасын кешенді талдауға арналған оқу-әдістемелік құралдар дайындауда, сондай-ақ мектеп пен ЖОО деңгейіндегі мәтіндік талдау тәжірибесінде тиімді қолдануға болады.

**Тірек сөздер:** көркем мәтін, автор бейнесі, нарратор, баяндау жүйесі, когнитивтік нарратология, дискурсивтік талдау, көркем шығарма, имплицитті автор

### **Кіріспе**

Көркем шығарма – өмір шындығын қарапайым баяндау емес, оны көркемдік ой елегінен өткізіп, рухани тереңдікпен бейнелеу. Бұл – жазушының дүниетанымы, ішкі жан сыры, өмір мен адам болмысына қатысты көзқарасы жинақталған тұтас бір рухани кеңістік. Әрбір көркем мәтіннің түбінде нақты авторлық сана тұрады. Алайда біз авторды шығармадан тікелей кездестірмейміз. Ол оқырманмен ашық диалогке түспейді, бірақ оның үні, әлемді қабылдау және бейнелеу тәсілі мәтіннің ішкі құрылымында, сөз ырғағында, стильдік реңінде тоғысып жатады. Ал оқиғаны баяндап, авторлық ойды жеткізетін тұлға – нарратор. Осы екі ұғым – автор дауысы мен нарратор бейнесі – көркем мәтінді ғылыми тұрғыдан талдауда айрықша маңызға ие.

Көп жағдайда оқырман шығарманы қабылдау барысында «автордың пікірі осы» деген тұжырымға тез бейім болады. Бірақ көркем туындыдағы баяндаушы – автордың өзі емес, оның атынан сөйлейтін, көркемдік тұрғыда сомдалған тұлға – нарратор. Нарратор авторлық оймен үндесуі мүмкін, бірақ ол міндетті түрде сәйкес келеді деген ұстаным дұрыс емес. Автор – шығармашылық еркіндікке ие тұлға ретінде түрлі баяндау формаларын, әртүрлі нарративтік позицияларды қолдана отырып, оқырман мен мәтін арасында ерекше көпір орнатады.

Автор дауысы – шығарманың өзегін құрайтын ішкі мән. Ол мәтіндегі интонация, стиль, кейіпкерлерді сипаттау тәсілі, оқиғаға деген көзқарас сынды көркемдік құралдар арқылы беріледі. Бұл дауыс – көбіне жасырын, бірақ айқын сезілетін рухани бағыт. Ал нарратор – сол ішкі мазмұнды жарыққа шығарып, оқырманға жол сілтейтін, мәтін әлеміндегі нақты баяншы. Ол – кейде бейтарап, кейде эмоцияға толы, кейде тіпті оқырманмен сырласатын кейіпте көрінеді.

Нарратология көркем мәтіндегі баяндау құрылымын, әңгімелеу тәсілін, оқиға мен баяндаушы арасындағы байланысты зерттейді. Әдебиет теориясында баяндау формасына назар аудару XX ғасырдың екінші жартысынан бастап жүйелі түрде қолға алынып, қазіргі таңда дербес пән ретінде қалыптасты. Сол уақыттан бері нарратология әдебиеттанудың тек қосалқы саласы емес, шығарманы құрылымдық және семантикалық тұрғыдан терең түсіндіретін теориялық негізге айналды. Кейде бұл ұғым «әңгімелеу теориясы» немесе «сюжет пен баяндау құрылымы» деген атаулармен де қолданылады. Бұл сала тек әдебиеттанушылар үшін ғана емес, тұтас гуманитарлық ғылымдар кеңістігі үшін маңызды. Мысалы, тарих ғылымында оқиғаларды баяндау формасына назар аудару тарихи шындықты тануға, мәдениеттану мен философияда – жеке тұлғаның және қоғамның дүниетанымын пайымдауға, психологияда – адамның ішкі әлеміндегі қабылдау ерекшеліктерін ашуға көмектеседі.

Қазіргі қазақ әдебиеттануында да нарратологиялық тәсілдерге негізделген зерттеулер жиілеп келеді. Өйткені көркем мәтіндегі баяндау

формасы – шығарманың жанрлық табиғатын, стильдік даралығын және идеялық мазмұнын айқындайтын басты көрсеткіштердің бірі. Баяндаушы мен баяндалушының арақатынасы, нарратор бейнесінің типологиясы, авторлық позиция мен фокализация мәселелері – бұлар тек теориялық ұғымдар ғана емес, көркем шығарманың ішкі логикасын ашуға бағытталған құралдар.

Осы тұрғыдан алғанда, көркем мәтінді терең түсіну үшін автор дауысы мен нарратор бейнесін өзара байланыстыра қарастыру – әдебиеттанудағы басты бағыттардың бірі болып отыр. Бұл мақалада біз нарратология аясындағы осы екі ұғымды негізге ала отырып, көркем шығарма құрылымын жаңа қырынан талдауды мақсат етеміз.

Нарратология ғылымының іргетасы классикалық дәуірге, Аристотельдің «Поэтикасында» айтылған «mythos» – яғни оқиға баяндау іліміне барып тіреледі. Ұлы ойшыл көркем туындының негізі әрекетке еліктеу (*mimēsis praxeōs*) арқылы жүзеге асатынын айта келе, фактілердің белгілі бір реттілікпен құрылуын, яғни сюжеттік жүйені эстетикалық заңдылық ретінде таныған. Бұл – кейінгі дәуірлерде қалыптасқан нарратологиялық теориялардың алғышартын айқындап берген басты қағидалардың бірі.

XX ғасырдың екінші жартысында нарратология әдебиеттанудың дербес бағытына айналды. Бұл салада Ролан Барт [1], Жерар Женетт [2], Майкл Риффатер [3], Эмилио Прието [4] сынды зерттеушілердің еңбектері маңызды орын алады (Кесте 1). Олар көркем мәтіндегі баяндау формаларын жүйелі түрде зерттеп, нарративтің құрылымын, уақыт пен кеңістік қатынасын, баяндаушының қызметін теориялық тұрғыдан негіздеді. Орыс әдебиеттануында М.Ю. Лотман мен Р.Якобсонның сюжет түзілімі жөніндегі тұжырымдары нарратологиялық зерттеулердің мазмұнын тереңдете түсті.

Кесте 1. Әлемдік нарратологиялық зерттеулердің көрнекті өкілдері

Зерттеуші	Негізгі еңбегі	Үлесі мен ерекшелігі
Ролан Барт	«Көркем баяндау мәтіндерін құрылымдық талдауға кіріспе»	Баяндаушы жанрлардың сан алуандығын көрсетті; нарративтің тек тілмен емес, ым, музыка, көркем бейнелер арқылы да жеткізілетінін дәлелдеді
Жерар Женетт	«Narrative Discourse», «Narrative Discourse Revisited»	Баяндау деңгейлері, фокализация, дискурс пен тарих арасындағы арақатынасты терең теориялық тұрғыда жүйеледі
Майкл Риффатер	«Fictional Truth»	Интертекстуалдық бейсаналық, нарративтік мағына мен семиотикалық құрылымдарды жаңаша зерделеді
Эмилио Прието	Нарратология бойынша испан әдебиетіне арналған ғылыми еңбектер	Испан әдебиетіндегі баяндау формаларын талдап, нарратологияның кең таралуына ықпал етті

Орыс филологі әрі әдебиеттанушысы Г.К. Косиков нарратологияға мынадай анықтама береді: «Нарратив (ағылш. narrative) – әңгімелеу, баяндау [5]. Нарратология теориясы сюжеттік баяндаудың құрылымын (ағылш. plot, story; франц. histoire, récit, intrigue; нем. geschichte) және сюжет түзілісінің барлық заңдылықтарын зерделейді. Нарратологияның негіздері Аристотельдің «фактілер реттілігі» түрінде қорытындыланатын «әрекетке, оқиғаға еліктеуден» туындаған баяндау ілімінде жатыр».

XX ғасырдың 60-70 жылдары көркем баяндау табиғатына деген қызығушылық жаңа ғылыми кеңістікке жол ашты. Бұл кезеңде А.Данто, М.Бахтин, Ж.Женетт сынды ғалымдардың еңбектерінде нарративтілік ұғымы түрлі қырынан талқыға түсті. Нарратологияның теориялық өзегі осы жылдарда нақты жүйеленіп, әдебиеттану шеңберінен шығып, жалпы гуманитарлық білімге ортақ әмбебап ілімге айнала бастады.

Орыс зерттеушісі В.Тюпа нарратологияның басты мәселесі А.Дантоның мына бір тұжырымында тұнып тұрғанын атап өтеді: «Барлық әңгімелеу – бұл оларды бір-бірімен жіктеп, топтастыратын және кейбірі жеткіліксіз сипатта болғаны себепті шығарылып тасталатын оқиғаға бағынышты құрылым». Бұл пікір – нарратив табиғатының құрылымдық күрделілігі мен іріктеу сипатын дәл көрсететін тұжырымдардың бірі. Осылайша, баяндау дискурсы тек оқиғалар тізбегі емес, мағына мен реттілікке бағынған композициялық модель ретінде қабылданады.

Зерттеуші В.Шмид нарратологияны «баяндау теориясы ретінде әдебиеттанудың бір саласы ғана емес, кез келген жанр мен функционалдық мәтіннің баяндалу құрылымын ашуға ұмтылатын әмбебап гуманитарлық пән» деп сипаттайды. Оның пікірінше, нарратология – нақты мәтіндерді талдаудан бұрын, баяндаудың жалпы заңдылықтарын тануға бағытталған теориялық парадигма.

Нарратологияның қазіргі келбеті 1960 жылдардағы құрылымдаушы парадигмадан (структурализм) бастау алса да, оның терең тарихи тамыры XX ғасырдың басындағы орыс формалистерінің еңбектерінен көрінеді. В.Шкловский, Б.Томашевский, В.Пропп, Б.Эйхенбаум сынды зерттеушілер көркем мәтіннің құрылымын талдауға алғашқы ғылыми негіз қалап берді. Сонымен қатар М.Бахтиннің полифония туралы тұжырымдары – автор мен кейіпкер арасындағы байланыс мәселесін жаңа деңгейге көтерді.

Михаил Бахтин көркем шығармада автор сөзі мен «бөгде сөз ұғымдарын ажырата отырып, диалогтік қатынасты басты қағида ретінде ұсынады [6]. Оның айтуынша, автор кейіпкерді толық бағындырылған объект емес, өз алдына дүниетанымы, көзқарасы, ішкі үні бар жанды субъект ретінде қарастыруы тиіс. Бұл – полифониялық шығарманың негізі. Автор мен кейіпкер тең деңгейде диалогке түсетін жағдайда ғана шынайы идеялар күресі пайда болады.

Бахтин автордың үш қырын ажыратады: биографиялық автор, бірінші автор (алғашқы) және екінші автор (кейінгі). Ғалым биографиялық авторды зерттеу нысанына айналдырмаған. Бірінші автор – эстетикалық актіге қатысушы тұлға, яғни шығармада суреткер, объективті құндылықтар және оқырман түйісетін ішкі кеңістік. Бұл автор бейтарап, шығарма бойында тұтас көрініс табады. Екінші автор – иерархиялық, идеялық салмақты тұлға, ол баяндау құрылымын, сюжет-композицияны, хронотопты және жанрлық форманы басқарушы күш.


М.Бахтин ұсынған «авторлық орталық» ұғымы – мәтіндегі идеялық-идеологиялық өзек болып табылады. Бұл орталық автор мен баяндаушының арақатынасын түсіндіруде маңызды рөл атқарады. Автор сөзі кейде идеологиялық бейтарап сипатта болуы мүмкін, ал кейде авторлық позицияны айқын сездіреді. Сол аралықтағы тепе-теңдікте автордың шынайы дауысы танылады.

Орыс әдебиеттануында В.Виноградов ұсынған «автор образы», ал батыс әдебиеттануында У.К. Бут енгізген «имплицитті автор» ұғымы әдеби шығармада автордың көрініс табу ерекшелігін түсіндіруде маңызды рөл атқарды. Сонымен қатар көркем мәтіндегі нарратор бейнесі де осы құрылымдармен тығыз байланыста қарастырылып келеді.

Кейбір зерттеулерде осы үш ұғым – автор образы, имплицитті автор және нарратор – синоним ретінде қатар қолданылып жүргені байқалады. Алайда ғылыми тұрғыдан алғанда, бұлардың әрқайсысы көркем мәтіндегі әртүрлі қызмет атқаратын, өзіндік ерекшелігі бар құрылымдық деңгейлерге жатады (Сурет 1). Мәселен, В.Виноградовтың «автор образы» ұғымы мәтіннің стильдік, құрылымдық және идеялық тұтастығын білдіретін бейне ретінде танылады [7]. Бұл – көркем мәтінде автордың тікелей сөйлемесе де, тұтас шығарма бойында өзінің ұстанымын танытатын тұлғалық деңгейі. Автор образы кейіпкерлердің тілімен, баяндау ырғағымен, стильдік реңкпен астасып барып құралады. Ол – тек көркем мәтінге тән құбылыс.

Ал У.К. Буттың «имплицитті авторы» – бұл жазушының өзі емес, бірақ оқырман мәтінді оқи отырып танитын, мәтіннің идеялық реңкін ұйымдастырып тұрған беймәлім, бірақ бар болмысты сана [8]. Имплицитті автор – шығарманың өн бойынан сезілетін, оқиға мен баяндау тәсілдері арқылы танылатын көркем бағдарлаушы. Бұл ұғым – автордың мәтін ішіндегі көрінбейтін, бірақ ықпалды қатысушысы ретінде сипатталады.

Осы екеуінен өзгеше құрылым – нарратор бейнесі. Нарратор – оқиғаны баяндаушы тұлға, яғни мәтін ішіндегі нақты баяндаушы. Ол кейде оқиғаға қатысушы ретінде, кейде сырттай бақылаушы бейнесінде әрекет етеді. Нарратор автор емес, бірақ автор ұйымдастырған баяндау құрылымының белсенді компоненті. Нарратор – оқырманмен тікелей диалогке түсетін көркем фигура.



Сурет 1 – Көркем мәтіндегі автор образы, имплицитті автор және нарратор бейнесінің арақатынасы

Демек, бұл үш ұғым бір-біріне жақын, кей тұста қабаттасуы мүмкін болғанымен, мазмұндық әрі құрылымдық жағынан өзара айқын ерекшеленеді.

Қазіргі әдебиеттануда көркем мәтін құрылымын зерттеуде нарратология ерекше бағыт ретінде қалыптасып, кеңейіп келеді. Әсіресе соңғы онжылдықтарда автор дауысы мен нарратор бейнесі ұғымдары тек теориялық пайымдаумен шектелмей, практикалық мәтін талдауға негізделген кешенді тәсілдер арқылы жаңаша қарастырыла бастады. Бұл бағытта американдық, батыс-еуропалық және орыс әдебиеттануындағы жаңа үлгідегі зерттеулер мен тәсілдер – қазақ әдебиеттануына да әсер етіп отыр.

Мәселен, Salvatore Giorgi жүргізген зерттеу – нарратологияны тек көркем мәтіндермен шектемей, әлеуметтік медиа кеңістігіндегі бірінші жақты баяндауларды да ғылыми нысанға айналдырған. r/AmITheAsshole Reddit қауымдастығында жарияланатын хикаяларды зерделей отырып, зерттеушілер автордың мәтінде екі түрлі рөл атқаратынын анықтайды: баяндаушы (narrator) және кейіпкер (character). Осы екі рөл бір мәтінде қатар өмір сүріп, екі түрлі дауыс тудырады. Автор әрі оқиғаны айтып беруші, әрі сол оқиғаның тікелей қатысушысы болғандықтан, баяндаудың құрылымында субъективтілік, эмоциялық реңк, агенттілік деңгейі сияқты элементтер үлкен маңызға ие болады [9].

Бұл зерттеудің әдіснамалық жаңалығы – лингвистикалық және психологиялық талдауды ұштастыра отырып, автор бейнесінің қандай формада қабылданатынын сандық деректер арқылы көрсетуінде.

Ал Sarah Copland мен James Phelan ұсынып отырған «идеал наррат» концепциясы – қазіргі нарратологиялық теорияда тың ұсыныс. Олар көркем баяндауда автор мен баяндаушының арасындағы аудиторияға деген көзқарас мәселесіне назар аударады [10]. Нақты айтқанда, нарратор өз хикаясын кімге арнап айтып отыр? Бұл – жай оқырман ба, әлде автордың санасында тұрған идеал адресат па? Зерттеушілер «идеал нарратты» – баяндаушы сөзін бағыттаған, бірақ мәтінде нақты болмайтын, ішкі образ ретінде өмір сүретін тыңдаушы бейне деп сипаттайды.

М. Biti мен Žigo R. «Shards» атты мемуарлық романы негізінде көркем баяндаудың терең құрылымында әрекет ететін ерекше нарративтік құбылыс – үнсіз баяндаушы бейнесін талдайды [11]. Зерттеушілердің пайымдауынша, бұл баяндаушының үні – саналы деңгейден тыс, бейсаналық кеңістіктен туындайтын, тілге түсе қоймаған, іште бүккен күйзелістің көркем көрінісі. Бұл ерекше баяндау формасы зерттеуде «протонарратив» ұғымы арқылы түсіндіріледі. Протонарратив – тұлғаның «мені» әлі толық қалыптаспай тұрып, психологиялық соққы салдарынан үзінділерге бөлініп, фрагменттеліп шыққан баяндау түрі.

Мұндай баяндау деңгейі – авторлық немесе баяндаушылық саналы бақылаудан тыс жатқан, бірақ шығарманың терең қабаттарында ерекше әсермен сезілетін құрылым. Бұл ұғымды түсіндіру барысында зерттеушілер Ж.Женеттің баяндау деңгейлері теориясына, П.Рикёрдің «мен» құрылымы жайлы тұжырымдарына сүйенеді.

Қазіргі әдебиеттануда кеңінен таралған тағы бір маңызды ұғым – сенімсіз баяндаушы феномені. Бұл тақырыпта М. Rahiminejad жүргізген зерттеуі ерекше назар аударарлық [12]. Олар сенімсіз баяндаушының табиғатын, оның көркем мәтіндегі қызметі мен оқырманға әсерін танымдық тұрғыдан талдай отырып, жаңа әдіснамалық көзқарас ұсынады. Зерттеуде баяндаушы бейнесінің сенімге селкеу түсіретін белгілері нақты талданады: оқиғаны толық жеткізбеуі, баяндаушы мен кейіпкерлер арасындағы жеке тартыстар, баяндаушы көзқарасы мен шындық арасындағы қарама-қайшылықтар, тіпті баяндаушының өзі өтірік айтқанын мойындауы – мұның бәрі оқырман тарапынан туындайтын сенімсіздікке алып келеді.

Зерттеушілердің айтуынша, дәл осы сенімсіз баяндаушы көркем шығармада таным мен ақиқаттың салыстырмалы сипатқа ие екенін көрсетеді. Яғни, оқиға бір ғана объективті шындықпен шектелмейді; ол баяндаушының ішкі дүниесіне, қабылдау қабілетіне, эмоциялық күйіне байланысты сан түрлі реңкке ие болады. Осылайша, сенімсіз баяндау оқырманды пассив қабылдаушыдан белсенді сыншыға айналдыруға бағытталады.

В.А. Мохаммед өз еңбегінде нарратор ұғымының шекарасын кеңейтіп, оны драмалық мәтін мен оқиға тұрғысында қайта пайымдауға тырысады [13]. Зерттеудің жаңалығы – нарраторды тек баяндаушы тұлға ретінде ғана емес, драматургиялық құрылымдағы оқиға дамуын бағыттап отыратын

## Көркем мәтіндегі автор дауысы мен нарратор бейнесі: жаңа әдіснамалық ...

нарративтік стратегиялардың ұйымдастырушысы ретінде қарастыруында.

Автор «автор – нарратор – наррататор» ұғымдары арасындағы байланысты көрсету арқылы баяндау субъектісінің көпқырлылығын дәлелдейді. Эпикалық мәтінде бұл қатынас тікелей, ал драмалық кеңістікте – жанама сипатта көрінеді. Бұл тәсіл, әсіресе, А.С. Пушкиннің «Борис Годунов», А.П. Чехов пьесаларындағы ремаркалық қабаттарды талдауда өзекті. Чехов драмаларында ремаркалар мен сахна сыртындағы ескертпелер көбіне оқиғаның мәнін тереңдетіп, нарративтің өзіндік ішкі дауысын құрайды. Автор бұл құбылысты «ремаркалық субъект» деп атап, оны драмалық нарратордың бейвербалды көрінісі ретінде қарастырады.

Ғ.С. Қамбарова, Б.Д. Жұмақаева автор категориясының негізгі компоненттері ретінде «автор образы», «авторлық ұстаным» және «автор интенциясы» ұғымдарын бөліп көрсетіп, олардың теориялық негіздемесіне тоқталады [14]. Авторлық интенция – мәтінге салынған мағына мен мақсатты білдірсе, автор образы – көркем мәтіндегі риторикалық немесе коммуникативтік позицияны білдіреді. Ал авторлық ұстаным – мәтін құрылымындағы идеологиялық не этикалық бағдар ретінде қабылданады. Осы үштік авторлық субъектіні анықтауда айрықша маңызға ие екені дәлелденеді. Зерттеушілер автор теориясына қатысты «теориялық дағдарыс» жағдайының қалыптасуын қарастырады. Авторлар бұл құбылысты постструктурализм мен постмодернизмнің ықпалы нәтижесінде автордың мәртебесінің күрт өзгеруімен, яғни оның бір кездері үстем, абсолютті субъект ретінде қарастырылса, кейіннен мүлде жоққа шығарылуына байланыстырады.

Г.Ж. Исакова көркем мәтінде автор қатысын білдіретін негізгі құралдардың бірі ретінде автор көзқарасының берілуін қарастырады. Автор әсіресе бөгде сөз формалары – төл сөз, төлеу сөз және ортақ төл сөздің – стилистикалық-функционалдық қызметіне назар аударады [15]. Бұл құрылымдар тек баяндау техникасы ретінде емес, сонымен бірге автордың кейіпкерлер сөзіне араласуы арқылы бағалаушылық реңкті жеткізу тәсілі ретінде қарастырылады. Автор ерекше көңіл бөлетін мәселе – ортақ төл сөздің рөлі. Бұл құрылым автор мен кейіпкердің сөйлеуінің бір-бірімен ұштасуын, олардың коммуникативтік кеңістікте бірігуін көрсетеді. Мұндай құрылымдар арқылы автор өзінің бағасын, көзқарасын, эмоциялық реңін көркем мәтінге астарлы түрде енгізеді. Әсіресе лепті, сұраулы сөйлемдер арқылы берілетін құрылымдар автор бағасының әсерлілігін арттырып, мәтіндегі субъективті көзқарас деңгейін күшейтеді.

Зерттеулерде нарратор бейнесінің түрленуі, оның сенімділігі мен сенімсіздігі, автордың мәтіндегі көріну формалары – постструктуралистік және постмодернистік парадигмалар аясында кең талқыланып отыр. Автор бейнесі енді тек шығарманың шетінде тұрған субъект ретінде емес, мәтін ішіндегі ішкі дауыс, идеологиялық бағдар мен эмоциялық реңк тудырушы

фактор ретінде қарастырылады. Әдеби мәтіндегі баяндау жүйесі мен автор қатысының формалары – нарратологияның негізгі категориялары ретінде қазіргі қазақ әдебиеттануында өзекті әрі терең зерттеуді қажет ететін маңызды бағыт болып қалыптасып отыр.

### **Материалдар мен әдістердің сипаттамасы**

Бұл зерттеуде қазіргі қазақ прозасындағы автор мен нарратордың бейнесін талдау үшін сапалық сипаттағы лингвистикалық әдістер қолданылды. Әсіресе, нарративтік талдау мен дискурсивтік талдау әдістері арқылы көркем мәтіндегі баяндау құрылымы мен баяндаушы тұлғаның ерекшеліктері сарапталды. Сонымен қатар, когнитивтік нарратология, деконструкция әдісі және интермәтіндік талдау сынды жаңа әдіснамалық бағыттар да назарға алынды. Бұл тәсілдер автор мен нарратор арасындағы шекараны, олардың функцияларын, баяндаудың танымдық және эмоционалдық қырларын тереңірек түсінуге мүмкіндік берді.

### **Нәтижелер**

Қазіргі әдебиеттануда автор, нарратор және баяндау құрылымын зерттеу барысында дәстүрлі тәсілдермен қатар, постструктурализм, деконструкция, когнитивтік поэтика секілді жаңа бағыттардағы әдіснамалық ұстанымдар ерекше маңызға ие болуда. Әдеби мәтінді түсіну мен талдаудағы бұл жаңашыл қадамдар қазіргі қазақ әдебиетіне де еніп жатыр. Ең маңызды әдіснамалық қадамдардың бірі – постструктурализм. Бұл бағыт структурализмнің шектеулі шеңберінен шығып, мәтінді кең контекстік және интертекстуалдық байланыста қарастыруға мүмкіндік береді. Әсіресе, автор мен оқырманның көркем мәтінмен қатынасы, сана құрылымының мәтіндер арасындағы диалогке тәуелділігі – постструктуралистік нарратологияның басты белгілерінің бірі.

Структурализм мен постструктурализмнің айырмашылығы осы тұста айқын көрінеді. Егер структуралистік нарратология көркем мәтінді тұйық құрылым ретінде талдап, автор мен оқырманды екінші кезекке ысырып қойса, постструктурализм керісінше, олардың қатысуын, сана мен танымның мәтін арқылы құрылуын басты зерттеу нысанына айналдырады.

Постструктуралистік көзқарасқа сәйкес, мәтін – бұл шексіз сілтемелер жүйесі, онда әрбір мағына басқа мәтіндерге сүйеніп жасалады. Сондықтан мұндай жүйеде автордың өзі де – интермәтіндік кеңістікте туындаған құрылым, ал нарратор – тұрақты тұлға емес, түрлі дискурстық позицияларда әрекет ететін бейне.

Бұл тұрғыдан Мұхтар Мағауиннің «Кесік бас – тірі тұлып» хикаятын талдап көрсек. Хикаят формасы сырттай деректілікке негізделгенмен, шын мәнінде автор дискурсы, баяндаушы позициясы және интермәтіндік сілтемелер арқылы күрделі нарративтік құрылым жасайды. Мұнда автор –

## Көркем мәтіндегі автор дауысы мен нарратор бейнесі: жаңа әдіснамалық ...

жай баяндаушы емес, саналы түрде өз орнын көлегейлеп, «дауыстар көптігі» (Бахтинше айтсақ, полифония) арқылы мәтінді сан қырынан ұсынушы.

Постструктуралистік тәсілде әсіресе интермәтіндік маңызды рөл атқарады. М.Мағауин хикаятында Ахмет Байтұрсынұлының «Орыстың мейірманшылығы» мақаласына, А.Бурдуковтың, Ломакиннің, Рерихтің жазбаларына, моңғол және қазақ ауызекі тарихына, кеңестік саяси репрессиялар тарихына жасырын немесе тікелей сілтемелер бар. Бұл сілтемелер мәтіннің «шынайылығын» арттыру үшін емес, керісінше, оқырманды тарихи ақиқаттың тұрақты емес екеніне иландыру үшін берілген. Мысалы: «Жазушы Мағауинше айтсақ: *«Бар болмысын бүтін сақтаған, қорқынышты, жиренішті кесік бас»...*» – бұл авторлық баға ма, әлде көркем баяндау ішінде автор маскасының сөйлеуі ме? Мағына бұл тұста фрагменттеліп, тұрақсыз күйге түседі.

Постструктуралистік принциптердің бірі – «автордың тікелей қатысы жойылады» деген идея. Бұл хикаятта М. Мағауин өз авторлығын көлегейлегендей әсер қалдырады: деректер тізбегі, тарихи естеліктер, сыртқы дәйексөздер арқылы баяндау бейтарап сипат алады. Автор дискурсы – жасырын, бірақ басқарушы күш. Осы жерде Ролан Барттың «Автордың өлімі» концепциясы айқын көрініс табады.

Баяндау формасы мен тілдік құрылым да постструктуралистік оқылымға сай. Мысалы, тірі тұлып сипаттамасында: *«Арқадан басқасы түгел екен... Ең кереметі – көзі ашық... Жалыныш та, үрей де жоқ... Байыпты, батыл»* – назар аударсақ, мәтін тек қана тарихи куәлік емес, белгілі бір символдық, метафоралық мазмұнға көшкен. Бұл жерде Ақымбектің тұлыбы – отаршылдықтың, зорлық-зомбылықтың, тарихи ұмытылған құрбандардың бейнесіне айналады.

Тағы бір қызықты мәселе – нарратордың позициясы. Әңгімелеуші тарихи деректерді рет-ретімен беріп отырғандай көрінеді, бірақ біртіндеп оның эмоциялық қатысуы арта түседі: *«Ахаң жаны күйзеліп, осылай депті», «Біз таңқы танау, қара сирақ бала едік...», «Айлакер Жа-лама тағы қашып келді...»*. Бұл – баяндаушының бейтарап емес екенін, мәтінді белгілі бір идеологиялық, эмоционалдық ұстаныммен беріп отырғанын көрсетеді. Постструктуралистік тұрғыдан бұл – мәтіннің «бір дауысты» емес, «көп дауысты» (полифониялық) табиғатын дәлелдейді.

Деконструкция әдісі қазіргі әдебиеттанудағы тың және терең ұғымдардың бірі. Бұл ұғым, ең алдымен, философ Жак Деррида есімімен байланыстырылады және постструктуралистік бағыттың негізін құрайды. Деконструкция – мәтіннің ішкі құрылымын, ондағы үстемдік етіп тұрған идеялар мен дискурстарды бұзып, оның астарында жатқан балама мағыналарды ашуға мүмкіндік беретін тәсіл. Әдебиетке бұл әдіс, әсіресе ХХ ғасырдың соңында енді және бүгінгі таңда көркем шығармаларды жаңа қырынан тануға септігін тигізіп отыр.

Деконструкция – нақты мағынадан емес, мағыналардың қайшылығынан, көпқырлылығынан туындайтын тәсіл. Ж.Деррида ұсынғандай, әрбір мәтін – бір ғана шындықтың тасымалдаушысы емес, керісінше, өз ішінде көптеген қарама-қарсы идеялар мен мағыналарды қамтитын, ашық, «еркін ойнайтын» құрылым. Бұл әдіс автор ұсынған шындықты ғана емес, оның астарында жатқан жасырын мағыналарды ашуға мүмкіндік береді.

Бұл тұрғыда Төлен Әбдіктің «Қонақтар» әңгімесін мысалға аламыз. Алдымен әңгіменің атауынан бастайық – «Қонақтар». Қазақ мәдениетінде қонақ – қасиетті, құрметті ұғым. Бірақ бұл әңгімеде «қонақ» ұғымы өз мағынасынан айырылған, жаттықтың бейнесіне айналған. Қонаққа келген балалар мен келін, немере – ата-анасынан алыстап кеткен. Бұл мағына мынадай үзіндіден көрінеді:

*«Сапабек алдында келген баланың қысқа кекіліне қолын тигізіп: - Ештеп түсінеді, - деді. Қой, қазақша үйретіңдер. Алдымен анау отырған шешесі қазақша білмейді...»*

Бұл жерде тіл тек қарым-қатынас құралы емес, мәдени сабақтастықтың белгісі. Баланың қазақша білмеуі – тек тіл білмеу емес, тектен ажырау, жадсыздану, тамырсыздану. Ал авторлық мәтінде бұл ешқандай эмоциялық баға берілмей, бейтарап баяндалған – бұл деконструкция әдісіне сай.

Келесі назар аударатын эпизод – Ерғабылдың ауылдан кетпей, үйреншікті тіршілікті жалғастыруы, соның ішінде малға баруы, қиға кетпен шабуы – бәрі жермен байланысын, мәдени тұрақтылықты бейнелейді. Бірақ бұл байланыс та тұрақты емес, ол бұзылу үстінде. Оның кемпірімен диалогінде бұл байқалады:

*«Әй, кемпір, — деді ішінен, бағанағы жерде айтатын сөзі ойына жаңа түсіп, — мен саған дейін үш қатыннан айырылғанмын. Азды-көпті гұмырымның ішінде талай бақтан айырылып, талай баққа қолым жетті. Дүние бірде алдын берсе, бірде артын береді. Бірақ әкем көрген, әкемнің әкесі көрген қара орнымнан айырылып көрген күнім жоқ. Не тантайрап отырсың!»*

Бұл жерде шалдың тұрақтылық туралы сөзі өзінің ішкі қорқынышынан туындайды. Ол өз әлемінің құлауынан қорқады, бірақ оның әлемі шын мәнінде әлдеқашан құлап қойған.

Тағы бір маңызды сәт – Сапабектің өз баласы Жеңісті ауылда қалдырмауы, оқуына байланысты деген желеумен алып кетуі. Бұл жерде негізгі мәселе – қазақ мектебінің жоқтығы емес, ауылдан безіну, ұлттық мәдениеттің жүк ретінде қабылдануы. Шалдың сөзінде бұл ашық көрінеді:

*«Алып кет өзіңмен бірге, — деді бір кезде даусы қарлығып. — Оқыт, өзіңдей қаңғыбас етіп шығар.»*

Шал баласына ашулы, бірақ сол ашу – мәдени құндылықтардың құнсызданғанын мойындаудан туған шарасыздық. Шалдың «қаңғыбас» сөзі – баласына берілген эмоционалды баға ғана емес, өзінің де мәдени құрылымынан қол үзген қоғамға берген үкімі.

## Көркем мәтіндегі автор дауысы мен нарратор бейнесі: жана әдіснамалық ...

«Қонақтар» әңгімесін деконструкция әдісімен талдағанда, біз мәтінді тұрақты мағынасы бар тұтас құрылым ретінде емес, ішкі қайшылықтарға, жасырын мағыналарға толы күрделі жүйе ретінде көреміз. Бұл туындыда қазақы дәстүр, тіл, мәдениет, отбасылық байланыс сияқты ұғымдар үстем идеялар ретінде көрінгенімен, олардың барлығы шайқалып, күмән тудырып, мәтін ішіндегі ішкі шиеленістер арқылы деконструкцияға ұшырайды.

Когнитивтік нарратология қазіргі әдебиеттанудағы өзекті, кең өріс алып келе жатқан бағыттардың бірі ретінде қарастырылады. Бұл бағыттың басты мақсаты – көркем баяндау құрылымдарын адамның когнитивтік (танымдық) процестерімен байланыстыра отырып талдау. Басқаша айтқанда, когнитивтік нарратология – көркем мәтіндегі оқиғалардың, кейіпкердің әрекеттерінің, баяндау құрылымының адам санасындағы қабылдану механизмдерін, эмоция мен тәжірибе арқылы репрезентациялануын зерттейтін салалық әдіс.

Бұл бағытта Д. Герман, М.-Л. Райан, М. Флудерник, А. Палмер сынды ғалымдардың еңбектері кеңінен танымал. Д.Германның пікірінше, нарративтік репрезентациялар – адам тәжірибесін көркем түрде қайта жасап, оқырманға өмірлік мәні бар оқиғалар мен жағдайларды сезінуге мүмкіндік беретін когнитивтік модельдер. Осы орайда, когнитивтік нарратология сюжеттен гөрі тәжірибеге, яғни кейіпкердің ішкі күйзелісі, шешім қабылдау процестері, оқиғаларға деген субъективті көзқарасына басымдық береді. Бұл көзқарас модернистік және постмодернистік прозада, соның ішінде қазіргі қазақ прозасында да көрініс тапқан.

Асқар Алтайдың «Бүкір» әңгімесі – қазіргі қазақ әдебиетіндегі ерекше шығарма. Бұл әңгіме тек кейіпкердің тағдырын суреттеп қана қоймай, сонымен бірге қоғам, тарих, ұлт туралы терең ой қозғайды. Мұндай ауқымды тақырыптарды жеткізу үшін автор оқырманмен арадағы көпір қызметін атқаратын баяндаушы бейнесін шебер қолданған.

Шығармада автор өзі көрінбейді, бірақ оның ойы мен көзқарасы баяндаушының сөзінен білініп тұрады. Баяндаушы оқырманға кейіпкер Бүкірдің өмірін, ішкі жан дүниесін, күрделі ойларын жеткізеді. Бірақ ол тек сырттай бақылаушы ғана емес – ол кейіпкердің не ойлап, не сезініп тұрғанын жақсы түсінеді. Сол арқылы біз де Бүкірге жақындай түсеміз, оның бүкірлігінің сыртында қандай жан күйзелісі жатқанын аңғарамыз.

Мысалы, әңгіменің басындағы «Ол бүкір еді...» деген алғашқы сөйлем бірден назар аудартады. Бұл жерде баяндаушы оқырманға бір физикалық ерекшелікті айтып тұрғандай көрінгенімен, уақыт өте келе осы бүкірліктің терең мағынасы ашылады. Ол тек тәннің кемшілігі емес, қоғамның, адамның ішкі қайшылығының белгісіне айналады. Кейінгі жолдарда бұл тереңдей түседі:

*«Мектепте бүкір қит туралы оқығаннан кейін өзін сол бір су мақұлығы сияқты сезінгені де рас»*

Баяндаушы Бүкірдің сыртқы бейнесін де, ішкі ой-таласын да қоса жеткізіп отырады. Мысалы, Бүкірдің студенттермен арасындағы әңгімелерінде, әсіресе тарих, ұлт, дін туралы ойларында көпшіліктің пікіріне қарсы шығатын оғаш ойлар айтылады. Баяндаушы бұл ойларды нақты мақұлдамайды, бірақ оқырманға ашық түрде жеткізеді. Баяндаушы тек сипаттап қоймай, кейіпкердің ішкі логикасын, өзгерісін, қоғамға деген көзқарасын іштей түсіндіріп отырады:

*«Қазір қазақ тарихы мен қазақ қоғамына көңілі қоңылтақсу сезімінен бе, үлкен тарихи полотноларды қалай сызсам, қалай халыққа жеткізсем деген ұшқыр ойлары маза бермейді».* Баяндаушы кейіпкердің оғаш ойларын, шектен шыққан пікірлерін сол қалпында береді. Мысалы:

*«Күнім туса, күллі қазақты христианға кіргізер ем...»* Осы сәтте баяндаушы бұл сөзді еш түсіндірмейді, яғни оған қосылмайды да, қарсы шықпайды. Бұл жерде автор баяндаушы арқылы оқырманға еркіндік беріп, «өзің бағала» дейді.

Баяндаушы әр оқырманға өз ой түйіп алуға ерік береді. Ол оқырманды бір ғана дұрыс жолға бағыттамай, қайта әртүрлі пікірдің бар екенін көрсетеді. Осы арқылы әңгіме тек көркем шығарма емес, үлкен ой салатын туындыға айналады.

Әңгіменің соңында Бүкір өз шабытын мазаққа айналдырып отырған сияқты:

*«Қос жауырын ортасындағы өскелең өркеші шымырлап, көңіл күйі көтеріле берді».* Бұл суреттен нақты ирония байқалады. Баяндаушы оқиғаның бәріне куә бола тұра, Бүкірдің өзіне риза болып тұрғанын, шындықпен емес, қиялмен өмір сүріп жатқанын көрсетеді.

«Бүкір» әңгімесінде автор мен баяндаушының арасы нақты бөлініп тұрады. Автор өз ойын тікелей айтпайды, оны баяндаушы арқылы береді. Ал баяндаушы болса, оқиғаны жай айтып қана қоймай, оны тереңірек түсінуге көмектеседі. Бұл – қазіргі әдебиетте жиі қолданылатын тәсілдердің бірі. Асқар Алтай осы әдісті сәтті қолданып, оқырманды ойлануға, пікір айтуға, өз ұстанымын табуға итермелейді.

Роза Мұқанованың «Мәңгілік бала бейне» әңгімесі – автор мен нарратор арасындағы байланыс пен ара жігін көрсету тұрғысынан ерекше шығарма. Бұл шығармада автор мен нарратор эмоционалдық бағыт пен бейнелеу тәсілдері арқылы ерекшеленіп тұратынын байқаймыз. Әңгіме шын мәнінде Ләйлә қыздың трагедиялық бейнесі арқылы халықтық қасіретті, ұлттық мұнды жеткізудің бір үлгісі. Осы тұста автордың дауысы мен нарратордың рөлі өзара толықтырып, кейіпкердің ішкі әлемін ашуға мүмкіндік береді.

Бастапқыда оқырманды баяу, философиялық ырғақпен тербейтін сипаттамалар нарратордың бейтарап даусымен беріледі. Мысалы:

*«Меңіреу қалпы, дел-сал болып мүлгіген жым-жырт түнді бетке*

Көркем мәтіндегі автор дауысы мен нарратор бейнесі: жаңа әдіснамалық ...

*алып, терең сайға шыққан Ләйлә-қыздың жолында қара жамылған әлде бір бейне қараңдап, сусып барады».*

Бұл жерде нарратор оқиғаны сырттай бақылаушы, алайда бейтарап емес – эмоционалдық реңктер арқылы біз оның Ләйләға деген жанашырлығын сеземіз. Нарратордың сипаттауы көркем прозадағы «поэтикалық пролог» іспеттес – кейіпкердің ішкі мұны табиғат пен түннің үндестігі арқылы ашылады.

Кейінгі тұстарда кейіпкердің ішкі монологы күшейіп, оқырман тікелей Ләйләның жан-дүниесіне еніп кетеді. Бұл кезде автор дауысы біршама шегініп, нарратор бейнесі кейіпкер санасына жақындайды. Мысалы:

«Мен адамдар әулетінің рухымын», дейді бейтаныс үрейлі үн сонау алыс бір жақтан дауыс салып... Мен өзіме адам сияқтымын, басқаларға адам емес адам пейілін тәубаға түсіретін мүгедекпін».

Мұнда Ләйлә өзінің адами болмысын қорғап баққанымен, айналасындағы орта оны тек кемшілігі арқылы таниды. Нарратор осы ішкі тартысты жеткізу үшін кейіпкердің ішкі сөзін еш өзгертпестен, бар эмоциясымен береді.

Тағы бір маңызды үзінді:

«Қарауылдың адамдары мені көрген сайын: *«Мұны Алла тағала адамдар тәубасына келсін, қол-аяғының саулығына, он екі мүшесінің дін амандығына шүкір етсін деп жаратқан»* - дейді.

Мұнда нарратор дауысы оқырманды қоғамның екіжүзділігіне, салқын көзқарасына алып келеді. Ләйләға тағылған қоғамдық таңба – бұл автордың тікелей емес, нарратор арқылы жеткізілген сыны.

Шығармада нарратор кейде лирикалық шегіністер арқылы Ләйләның жай ғана кейіпкер емес, бүкіл халықтың трагедиялық символына айналуына жол ашады:

«Мен өзіме адам сияқтымын... Бірақ мен – мәңгі бақи бала кейінде қалдым...»

Бұл жерде нарратор поэтикалық стильге көшіп, ішкі эмоциялық кеңістікті толықтай ашуға мүмкіндік береді. Осы сәтте автор дауыс тек нарратор арқылы ғана емес, кейіпкердің аузымен де естіліп, тұтас көркемдік құрылымға тереңдік береді.

Соңғы көрініс – Ләйләның Құмармен билеген сәті мен оның шындыққа қайта оралуы. Бұл жерде нарратор оны баяндап бермейді, көркемдік тәсіл арқылы оқырманды тура сол сәтке қояды:

«Құмар, Құмар! Қайдасың?..»

«Азаптан, осы бір азаптан құтқарыңдаршы мені», өдеп қыз шыңғырып жібергісі келген.

Автор – идея иесі. Нарратор – сол идеяны бейнелеп жеткізуші. Бұл екеуінің үйлесімді жұмысында ғана Ләйлә бейнесі – жеке трагедиядан ұлт трагедиясына айналады. Шығармада автор өз үнін еш тікелей айтпаса

да, нарратордың сезімге толы баяндауы арқылы оқырман оның үнсіз ащы шындығын анық естиді.

### Талқылау

Көркем мәтін құрылымындағы маңызды категориялардың бірі – автор мен нарратордың ара жігін ажырату мәселесі қазіргі әдебиеттану ғылымында өзекті бағыттардың біріне айналып отыр. Бұл ұғымдар алғашқыда бір-бірімен синоним ретінде қарастырылғанымен, кейінгі структуралистік және постструктуралистік зерттеулер олардың түбегейлі айырмашылықтары бар екенін айқындады.

Автор – көркем шығарманың нақты жазушысы, яғни шығарманы дүниеге әкелген тұлға. Ол өмірде нақты бір тарихи, мәдени, әлеуметтік ортада өмір сүрген адам ретінде қарастырылады. Ал нарратор – бұл мәтін ішінде оқиғаны баяндайтын бейне, кейіпкер емес, бірақ кейде кейіпкермен қосылып кететін ішкі дауыс. Нарратор автордың өзі емес, тек автор құрастырған баяндаушы құрылым. Бұл екеуінің ара жігін нақты ажыратып алу – көркем мәтінді дұрыс түсінудің кілті.

Қазіргі қазақ әдебиетінде бұл екі категорияның ара қатынасы күрделене түскен. Бірінде нарратор оқиғадан сырт тұрып, бейтарап баяндаушы болса, кейде ол кейіпкердің ішкі дауысына айналып, авторлық позицияны көлегейлейді. Мұндай тәсілдер әсіресе ішкі монолог, ағымды сана, көп дауысты мәтін (полифония) сияқты формалар арқылы беріледі.

Автор мен нарратордың шекарасын анықтауға мүмкіндік беретін жаңа әдіснамалық бағыттар да қазіргі әдебиеттануда кең қолданылуда. Атап айтқанда:

Постструктурализм – авторлықтың абсолюттілігін жоққа шығарып, мәтінді оқырман мен тілдің өзара әрекеті деп қарастырады.

Деконструкция – автордың ұсынған мағынасы орнына балама интерпретацияларды алға тартады, нарратордың дауысы мен мағынааралық қайшылықтарды ашады.

Когнитивтік нарратология – нарратордың көзқарасы мен ішкі әлемін сана құрылымы арқылы талдап, оқырман мен кейіпкер арасындағы когнитивтік байланысты зерттейді.

Дискурсивтік талдау – автор мен нарратордың дауыстарын нақты әлеуметтік, мәдени дискурс аясында бағамдайды.

Қазіргі қазақ әдебиетінің көпқырлы, сан салалы болмысы, авторлық позиция мен баяндау формаларының әртүрлілігі дәл осындай терең әдіснамалық ұстанымды талап етеді.

Қазақ әдебиеттану ғылымында бұл тақырыптың өзектілігі күн өткен сайын артып келеді. Себебі қазіргі заман қаламгерлері көбіне «мен» формасында жазып, шынайы автор мен нарратор арасындағы шекараны әдейі бұлдыратып жібереді. Мұндай жағдайда оқырманға авторлық

## Көркем мәтіндегі автор дауысы мен нарратор бейнесі: жаңа әдіснамалық ...

ниетті, нарративтік стратегияны түсіну қиынға соғады. Сондықтан автор мен нарратордың айырмашылығын тану – мәтіннің көркемдік табиғатын, стильдік ерекшеліктерін, идеологиялық астарын толық түсінуге мүмкіндік береді..

### **Қорытынды**

Қазақ прозасындағы баяндау құрылымын терең зерттеу – көркем мәтіннің табиғатын ұғынуда маңызды қадам. Нарратор – автордың атынан сөйлейтін бейне ғана емес, сол дәуірдің қоғамдық, мәдени сана деңгейін де жеткізетін ерекше құрылым.

Қазіргі әдебиетте автор дауысы барған сайын күрделеніп, көбіне жасырын әрі көпқырлы сипатқа ие болуда. Мұндай өзгерістерді түсіну үшін дәстүрлі тәсілдермен қатар когнитивтік нарратология, деконструкция және дискурсивтік талдау сынды жаңа әдіснамалар қажет. Бұл әдістер көркем мәтіндегі сана ағымын, эмоциялық тереңдікті, фокализация ерекшеліктерін, интермәтіндік байланыстарды анықтап, оқырман мен мәтін арасындағы диалогті тереңірек ашуға мүмкіндік береді.

Қазақ әдебиеттану ғылымында нарраторлық бейне мен автор ұстанымын ажырату – әлі де жүйеленіп келе жатқан сала. Осы бағыттағы зерттеулерді күшейту – әдеби талдаудың сапасын арттырып қана қоймай, ұлттық прозаның өзіндік стильдік, идеялық бағыттарын да нақтылауға жол ашады.

### **ӘДЕБИЕТ**

[1] Fabbri P., Sassatelli M., Manghani S. On Narrative: An Interview with Roland Barthes // *Theory, Culture & Society*. – 2022. – Т. 39. – №8. – Pp. 159-174.

[2] Sheikhzadeh S., Ziar M., Tabrizi P. R. The Narratology of Victor Hugo's Novel *Les Miserables* based on The Theory of Gerard Genette // *French Language & Translation Research*. – 2024. – Т. 7. – №1. – Pp. 20-25.

[3] Erfatpour Z. Semiotic Analysis of Qasidtol Hozn By Salah Abdel-Saboor According to Michael Riffaterre Theory // *Arabic Literature*. – 2023. – Т. 15. – №3. – Pp. 3-16.

[4] Josselson R., Hammack P. L. *Essentials of narrative analysis*. – American Psychological Association, 2021. – Pp. 15-17.

[5] Косиков Г.К. От структурализма к постструктурализму: проблемы методологии. – Rudomino, 1998. – С. 51-55.

[6] Тюпа В. И. Бахтин и нарратология // *Литературоведческий журнал*. – 2021. – №54. – С. 120-133.

[7] Шевченко Н. В. Позиция автора и читателя в художественном произведении // *Язык-текст-дискурс: функционально-семантический и структурный аспекты: сб. науч. ст. по материалам междунар. науч. конф., посвящ.* – 2024. – С. 1918-1988.

[8] Lykkegaard A. C., Butts A., Teo J. Metaball Madness-The Rigging Of An Implicit Surface Character // Proceedings of the Special Interest Group on Computer Graphics and Interactive Techniques Conference Talks. – 2025. – Pp. 3-5.

[9] Giorgi S. Author as character and narrator: Deconstructing personal narratives from the r/amitheasshole reddit community // Proceedings of the International AAAI Conference on Web and Social Media. – 2023. – Т. 17. – Pp. 233-244.

[10] Copland S., Phelan J. The ideal narratee and the rhetorical model of audiences // Poetics Today. – 2022. – Т. 43. – №1. – Pp. 5-26.

[11] Biti M., Rosanda Žigo I. The silenced narrator and the notion of “proto-narrative” // SAGE Open. – 2021. – Т. 11. – №1. – Pp. 21-25 .

[12] Rahiminejad M. Investigating the Facts and Symptoms of an Unreliable Narrator in the Adolescent Novel. – 2023. – Pp. 17-19.

[13] Мохаммед В. А. Роль нарратора как ключевой инстанции в развитии драматических событий в художественном тексте // Филологические науки. Вопросы теории и практики. – 2022. – Т. 15. – №6. – С. 1718-1724.

[14] Камбарова Г. С., Жумакаева Б. Д., Толысбаева А. Т. Әдебиеттану ғылымындағы автор теориясының даму өрісі // Вестник университета Ясави. – 2023. – Т. 3. – №129. – Б. 147-161.

[15] Исакова Г. Ж. Көркем мәтінде автор модалдылығының берілу жолдары // Торайғыров университетінің хабаршысы. Филологиялық сериясы. – 2020. – Т. 2710. – Б. 184-186.

## REFERENCES

[1] Fabbri P., Sassatelli M., Manghani S. On Narrative: An Interview with Roland Barthes // Theory, Culture & Society. – 2022. – Т. 39. – №8. – Pp. 159-174.

[2] Sheikhzadeh S., Ziar M., Tabrizi P. R. The Narratology of Victor Hugo’s Novel Les Miserables based on The Theory of Gerard Genette // French Language & Translation Research. – 2024. – Т. 7. – №1. – Pp. 20-25.

[3] Erfatpour Z. Semiotic Analysis of Qasidtol Hozn By Salah Abdel-Saboer According to Michael Riffaterre Theory // Arabic Literature. – 2023. – Т. 15. – №3. – Pp. 3-16.

[4] Josselson R., Hammack P. L. Essentials of narrative analysis. – American Psychological Association, 2021. – Pp. 15-17.

[5] Kosikov G. K. Ot strukturalizma k poststrukturalizmu: problemy metodologii [From Structuralism to Poststructuralism: Problems of Methodology]. – Rudomino, 1998. – S. 51-55. [in Rus.]

[6] Tyupa V. I. Bakhtin i narratologiya [Bakhtin and narratology] // Literaturovedcheskiy zhurnal. – 2021. – №54. – S. 120-133. [in Rus.]

[7] Shevchenko N. V. Pozitsiya avtora i chitatelya v khudozhestvennom

proizvedenii [The position of the author and the reader in a work of fiction] // *Yazyk-tekst-diskurs: funktsional'no-semanticheskii i strukturnyy aspekty: sb. nauch. st. po materialam mezhdunar. nauch. konf., posvyashch. – 2024. – S. 1918-1988. [in Rus.]*

[8] Lykkegaard A. C., Butts A., Teo J. Metaball Madness-The Rigging Of An Implicit Surface Character // *Proceedings of the Special Interest Group on Computer Graphics and Interactive Techniques Conference Talks. – 2025. – Pp. 3-5.*

[9] Giorgi S. Author as character and narrator: Deconstructing personal narratives from the r/amitheasshole reddit community // *Proceedings of the International AAAI Conference on Web and Social Media. – 2023. – T. 17. – Pp. 233-244.*

[10] Copland S., Phelan J. The ideal narratee and the rhetorical model of audiences // *Poetics Today. – 2022. – T. 43. – №1. – Pp. 5-26.*

[11] Biti M., Rosanda Žigo I. The silenced narrator and the notion of “proto-narrative” // *SAGE Open. – 2021. – T. 11. – №1. – Pp. 21-25.*

[12] Rahiminejad M. Investigating the Facts and Symptoms of an Unreliable Narrator in the Adolescent Novel. – 2023. – Pp. 17-19.

[13] Mokhammed V. A. Rol' narratora kak klyuchevoy instantsii v razvitiі dramaticheskikh sobytiiy v khudozhestvennom tekste [The role of the narrator as a key authority in the development of dramatic events in a literary text] // *Filologicheskie nauki. Voprosy teorii i praktiki. – 2022. – T. 15. – №6. – S. 1718-1724. [in Rus.]*

[14] Kambarova G. S., Zhumakaeva B. D., Tolysbaeva A. T. Adebiettanu gylymyndagy avtor teoriyasynyn damu orisi [The field of development of the author's theory in literary studies] // *Vestnik universiteta Yasavi. – 2023. – T. 3. – №129. – B. 147-161. [in Kaz.]*

[15] Iskakova G. Zh. Korkem matinde avtor modaldylygynyn berilu zholdary [Ways of transmitting the author's modality in a literary text] // *Toraygyrov universitetinin khabarshysy. Filologiyalyk seriyasy. – 2020. – T. 2710. – B. 184-186. [in Kaz.]*

## **АВТОРСКИЙ ГОЛОС И ОБРАЗ НАРРАТОРА В ХУДОЖЕСТВЕННОМ ТЕКСТЕ: НОВЫЕ МЕТОДОЛОГИЧЕСКИЕ ШАГИ**

\* Жорашова А.М.<sup>1</sup>, Баймыш Л.Қ.<sup>2</sup>

<sup>\*1</sup> Евразийский национальный университет им. Л. Н. Гумилева  
Астана, Казахстан

<sup>2</sup> Central Asian Innovative University, Шымкент, Казахстан

**Аннотация.** В современной литературоведческой науке проблема различения авторского голоса и нарраторного образа в художественном

тексте становится одним из важнейших теоретико-методологических направлений. В казахской литературе, особенно в прозаических произведениях, усложнение повествовательной системы, передача авторской позиции не прямо, а косвенно и многослойно требует рассмотрения этого вопроса в новом свете. Цель настоящего исследования – определить соотношение образа автора и личности нарратора в художественном тексте, уточнить их художественно-функциональную функцию и провести анализ на основе современных литературно-теоретических методологий. Основная идея исследования состоит в том, чтобы доказать, что автор не может быть ограничен только биографической личностью, что это сложная категория, выраженная в тексте имплицитно, через нарратора. В исследовании использовались теоретические выводы постструктуралистской направленности, в том числе метод деконструкции, когнитивная нарратология и подходы дискурсивного анализа. Эти методы позволили выявить структуру повествовательных голосов в художественном тексте, систему взглядов и скрытые формы авторской позиции. В результате исследования была выяснена взаимосвязь образа автора и нарратора, и установлено, что нарратор – самостоятельная и сложная художественная личность, которая передает идеи автора не прямо, а косвенно. Сделан вывод о том, что образ автора не привязан к одному повествовательному голосу, он выражается через структуру текста в многогранном характере. Исследование способствует систематизации нарратологического анализа в казахском литературоведении, уточнению понятийно-терминологического аппарата и более глубокому пониманию стилевых, идейных особенностей национальной прозы. Результаты исследования могут быть эффективно использованы в преподавании теории литературы в вузах, подготовке учебно-методических пособий для комплексного анализа казахской прозы, а также в практике текстового анализа на уровне школ и вузов.

**Ключевые слова:** художественный текст, образ автора, нарратор, повествовательная система, когнитивная нарратология, дискурсивный анализ, художественное произведение, имплицитный автор

## THE AUTHOR'S VOICE AND THE IMAGE OF THE NARRATOR IN A LITERARY TEXT: NEW METHODOLOGICAL STEPS

\* Zhorashova A.M. <sup>1</sup>, Baymysh L.K. <sup>2</sup>

<sup>\*1</sup> L. N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

<sup>2</sup> Central Asian Innovative University, Shymkent, Kazakhstan

**Abstract.** In modern literary studies, the problem of distinguishing between the author's voice and the narrator's image in a literary text has become one of the most important theoretical and methodological issues. In Kazakh literature,

Көркем мәтіндегі автор дауысы мен нарратор бейнесі: жана әдіснамалық ...

especially in prose works, the complexity of the narrative system and the indirect and multi-layered presentation of the author's position require a new approach to this issue. The purpose of this study is to determine the relationship between the author's image and the narrator's personality in a literary text, to clarify their artistic and functional roles, and to analyze them using modern literary theories. The main idea of the study is to prove that the author cannot be limited to a biographical identity, but is a complex category that is expressed implicitly in the text through the narrator. The study uses theoretical insights from poststructuralism, including deconstruction, cognitive narratology, and discourse analysis. These methods help to identify the structure of narrative voices in literary texts, the system of perspectives, and the hidden forms of the author's position. As a result of the study, the relationship between the author's image and the narrator was revealed, and it was determined that the narrator is an independent and complex artistic personality who conveys the author's ideas indirectly rather than directly. It is concluded that the author's image is not limited to a single narrative voice; it is expressed through the text's structure in a multifaceted manner. This study contributes to the systematization of narratological analysis in Kazakh literary studies, the clarification of the conceptual and terminological framework, and a deeper understanding of the stylistic and ideological features of Kazakh prose. The findings can be effectively utilized in teaching literary theory in universities, preparing educational and methodological materials for a comprehensive analysis of Kazakh prose.

**Keywords:** literary text, author image, narrator, narrative system, cognitive narratology, discursive analysis, literary work, implicit author

*Мақала түсті / Статья поступила / Received: 02.02.2026.*

*Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted: 25.06.2026.*

***Авторлар туралы мәлімет:***

Жорашова Айжан Маратовна – негізгі автор, PhD докторант, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан, auzhan.zhorashova@mail.ru, <https://orcid.org/0009-0000-6984-4779>, e-mail: auzhan.zhorashova@mail.ru

Баймыш Лаура Құрманәліқызы – филология ғылымдарының кандидаты, Central Asian Innovative University, Шымкент, Қазақстан, <https://orcid.org/0009-0000-4166-5429>, e-mail: baymyshl@mail.ru

***Информация об авторах:***

Жорашова Айжан Маратовна – основной автор, PhD докторант, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан, e-mail: auzhan.zhorashova@mail.ru, <https://orcid.org/0009-0000-6984-4779>

Жорашова А.М., Баймыш Л.К.

---

Баймыш Лаура Курманалиевна – кандидат филологических наук, Central Asian Innovative University, Шымкент, Казахстан, e-mail: baymyshl@mail.ru, <https://orcid.org/0009-0000-4166-5429>

***Information about the authors:***

Zhorashova Aizhan Maratovna – PhD doctoral student, L. N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan, e-mail: ayzhan.zhorashova@mail.ru, <https://orcid.org/0009-0000-6984-4779>

Baimysh Laura Kurmanaliyevna – Candidate of Philological Sciences, Central Asian Innovative University, Shymkent, Kazakhstan, e-mail: baymyshl@mail.ru, <https://orcid.org/0009-0000-4166-5429>